

1994 жылы туған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге алу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 19 қаңтарда N 5-11-128 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімінің 2011.03.31 N 4 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17, 18 баптары, «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Зайсан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен (бастығы Ж.Толыбаев) (келісім бойынша) 1994 жылы туған еркек жынысты азаматтарды 2011 жылғы қаңтар-наурызда шақыру учаскесіне тіркеуге алу жүргізілсін.

2. Аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің меңгерушісі Қ.Жағыпаров:

1) байланыс жүйесі, қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимаратының ағымдық жөндеу жұмыстарын және жалға төлеу ақысын;

2) азаматтарды әскери есепке тіркеу уақытында қосымша жанар-жағар май бөлінуін, кеңсе заттарының шығындарын;

3) азаматтарды әскери шақыру учаскесіне тіркеуде дәрігерлік тексеруге және емдеуге жұмсалған шығындарды аудан бюджетінде қаралған қаржы есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Аудандық медицина бірлестігіне (директоры М.Б.Блейменов) (келісім бойынша) әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын азаматтарды арнайы бөлмелерде тексеруден өткізу үшін медициналық комиссияны білікті маман дәрігерлермен, орта медициналық қызметшілермен, қажетті мөлшерде медициналық аспаптармен, мүлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ әскери оқу орындарына үміткерлерді медициналық куәләндіру және емдеу жүргізілетін емдеу мекемелерін белгілеу, қосымша тексеруге қажет жататын орын бөлу ұ с ы н ы л с ы н .

4. Қосымшадағы кестеге сәйкес ауылдық округтер әкімдеріне, мектеп директорларына азаматтық азаматтарды тіркеу учаскесіне жеткізу, тіркеуге жататын іс сапардағы, демалыстағы азаматтардың шақырылуын қамтамасыз ету, жасөспірімдерді әскери есепке тіркеу учаскесіне дейін ертіп әкелетін арнайы адамдар бөлу жасөспірімдерді шақыру учаскесіне тіркеу уақытында жабдықталған көлікпен жеткізуді қамтамасыз ету және оларды тасымалдауда жазатайым оқиғалардан сақтанудың барлық шараларын сақтау міндеттелсін.

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (бастығы Ж.Т.Жүрсімбаев) (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіруді және қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне уақытылы жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. 1994 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге байланысты ішкі саясат бөліміне (бастығы З.А.Мухамедкариева) осы тұрғыда әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, аудандық баспасөз арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Биқадамовқа жүктелсін.

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Зайнулдин*
«КЕЛІСІЛДІ»

Зайсан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы Толыбаев Ж.Қ.

Зайсан ауданының медициналық бірлестігінің директоры Блейменов М.Б.

Зайсан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Жүрсімбаев Ж.Т

2010 жылғы 14 желтоқсандағы

Зайсан ауданының әкімінің

№ 2 шешіміне қосымша

1994 жылы туған еркек жынысты азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне әскери есепке тіркеу КЕСТЕСІ

№ р/с	Аты	саны	Қаңтар										
			20	21	22	23	26	27	28	29	30		
1	Айнабұлақ ауылдық округі	25				X							

2	Біржан ауылдық округі	17		X								
3	Дайыр ауылдық округі	17		X								
4	Қарабұлақ ауылдық округі	18	X									
5	Қаратал ауылдық округі	37			X							
6	Кеңсай ауылдық округі	24				X						
7	Сарытерек ауылдық округі	25					X					
8	Шілікті ауылдық округі	27	X									
9	Әуезов орта мектебі	34						X				
10	Гагарин орта мектебі	14					X					
11	Дәуленов орта мектебі	9							X			
12	Мектеп -интернат	6									X	
13	№ 23 кәсіптік лицей	35							X			
14	Ломоносов орта мектебі	44								X		
15	Мұстафина орта мектебі	11									X	
16	Барлығы	343	45	34	37	49	39	34	44	44	17	

А у д а н Ә к і м і н і ң
аппарат басшысы Н. Қараталов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК